



"Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 20 мамырда № 11099 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 684 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.09.2017 № 684 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 144-бабының 6 тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырган "Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрінің міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму министрі¹
Т. Дүйсенова
15 сәуір 2015 ж.

ЖОЙГАН

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 15 сәуірдегі
№ 338 бұйрығымен бекітілген

Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) адамның өміріне немесе денсаулығына, сондай-ақ аурудың пайда болу және таралу қаупін тудыратын органолептикалық, токсикологиялық, санитариялық-химиялық, микробиологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, молекулярлық-биологиялық (полимеразды тізбекті реакция), иммундық-биологиялық (иммундық-ферментті талдау және басқа серологиялық зерттеулер) зертханалық зерттеулерді, шуды, дірілді, электромагниттік өрістерді және физикалық факторларды өлшеуді, радиометрия мен дозиметрияны қамтитын радиациялық зерттеулерді орындайтын зертханаларға (бұдан әрі – зертхана) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Санитариялық қағидалар:

- 1) зертхана ғимаратының(тарының) құрылышына жер участесін таңдауға, жобалауға, салуға, қайта жаңартуға және пайдалануға беруге;
- 2) зертханаларды күтіп-ұстауға, пайдалануға және жұмыс жағдайларына;
- 3) материалдарды (микроорганизмдерді) сақтауға және тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық;
- 4) радиациялық, химиялық, микробиологиялық, вирусологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге (оның ішінде аварияларды жою кезінде);
- 5) сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға және желдетуге талаптарды да белгілейді.

3. Санитариялық қағидалардың талаптарын сақтау меншік нысанына қарамастан жеке және занды тұлғаларға міндетті болады.

4. Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

- 1) авариялық жағдай (бұдан әрі – авария) – биологиялық материалмен жұмыс істеу кезінде, өндірістік аймақтың ауасына, қоршаған ортаға патогенді биологиялық агенттің бөлінуінің немесе персоналға жұқтырудың нақты немесе әлеуетті мүмкіндігін тудыратын, зертханада туындаған жағдай;

- 2) бактериологиялық зертхана – биологиялық материалдан және қоршаған орта объектілерінен бактерияларды бөлу, антигендерді және антиденелерді анықтау бойынша зерттеулерді орындайтын зертхана;
- 3) бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП) – адамдардың және көлік құралдарының рұқсат етілген түрінің өтуін қамтамасыз етуге арналған арнайы үй-жай;
- 4) биологиялық агенттер немесе уыттар – адамның немесе жануарлардың организміне түскен кезде немесе олармен, сондай-ақ өсімдіктермен жанасқан кезде олардың сырқаттануын немесе өлім-жітімін тудыруға қабілетті микроорганизмдер және бактериялық, өсімдіктен немесе жануардан шығатын белоктың қурделі қосындылар;
- 5) биологиялық қауіпсіздік – жұмыс істейтін персоналды, тұрғындарды және қоршаған ортаны биологиялық агенттердің (бұдан әрі – БА) әсерінен қорғауға бағытталған медициналық-биологиялық, ұйымдастыру және инженерлік-техникалық іс-шаралар жүйесі;
- 6) биологиялық қауіпсіздік боксы (бұдан әрі – БҚБ) – персоналдың жүқтірудың және жұмыс аймағы мен қоршаған орта ауасының ластану мүмкіндігін болдырмау мақсатында микроорганизмдерді физикалық оқшаулау үшін (жұмыс аймағына енгізбеу және оны бақыланатын шығару) пайдаланылатын конструкция;
- 7) биологиялық қорғаныш (бұдан әрі – биоқорғаныш) – БА және уыттарды жоғалтуды, ұрлатуды, дұрыс пайдаланбауды, диверсиясын, рұқсат етілмеген қол жетімділікті немесе алдын ала жоспарланған рұқсат етілмеген таралуын болдырмау мақсатында оларды қорғауды, бақылауды және есепке алуды қамтамасыз ету;
- 8) боксталған үй-жай (бұдан әрі – бокс) – тамбуры (боксқа кіреберісі) бар оқшауланған үй-жай;
- 9) виварий – тәжірибелер үшін пайдаланылатын зертханалық жануарлардың алуан түрлері ұсталатын ұйымның бөлімшесі;
- 10) вирусологиялық зертхана – биологиялық материалдан және қоршаған орта объектілерінен вирустарды бөлу, антигендерді және антиденелерді анықтау бойынша зерттеулерді орындайтын зертхана;
- 11) дезактивация – қандай да бір беттен немесе қандай да бір ортадан радиоактивті ластануды жою немесе азайту;
- 12) дезарлар – ультракүлгін бактерицидті сәулелегіш, үй-жайлардағы ауаны дезинфекциялау үшін қолданылады;

- 13) демеркуризация – сынапты төгіп алған жағдайда оны жинау бойынша іс-шаралар кешені;
- 14) ДНҚ – дезоксирибонуклеин қышқылы;
- 15) диагностикалық зерттеулер – қоздырғышты, оның антигенін немесе оған антиденені анықтау және сәйкестендіру мақсатында өткізілетін шығу тегі биотикалық және абиотикалық объектілерді зерттеу;
- 16) ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы;
- 17) жұқпалы аймақ – патогенді биологиялық агенттермен немесе ықтимал жұқтырған патогенді биологиялық агентпен материалмен әрекеттер және оларды сақтау жүзеге асырылатын зертхананың үй-жайы немесе зертхананың үй-жайлар тобы;
- 18) зертхана – органолептикалық, токсикологиялық, санитариялық-химиялық, микробиологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, молекулярлық-биологиялық, иммундық-биологиялық зертханалық зерттеулерді, шуды, дірілді, электромагниттік өрістерді және физикалық факторларды өлшеуді, радиометрия мен дозиметрияны қамтитын радиациялық зерттеулерді орындайтын үйым немесе оның құрылымдық бөлімшесі.
- 19) инфекциялық материал – құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар еkenі белгілі немесе негізді болжанатын заттар;
- 20) иммундық-ферментті талдау (бұдан әрі – ИФТ) – ферментті белгіні қолдана отырып, антигеннің антиденемен өзара әрекеттесуіне негізделген әртүрлі биологиялық молекулаларды анықтау әдісі;
- 21) инсектарий – тәжірибелік мақсатта қолдану үшін жәндіктерді күтіп-ұстауга, шығаруға немесе көбейтуге арналған үйымның бөлімшесі;
- 22) микробиологиялық зертхана – биологиялық материалда және қоршаган орта объектілерінде микроорганизмдерді анықтау бойынша зерттеулерді орындайтын зертхана;
- 23) микробиологиялық зерттеулер бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, молекулярлық-биологиялық, иммундық-биологиялық зерттеулерді қамтиды;
- 24) микроорганизмдер – бұл белгілі бір жағдайларда және белгілі бір шоғырлануда адамның денсаулығына әсер етуі мүмкін шығу тегі белоктық күрделі қосындылар бактериялар, вирустар, микоплазмалар, риккетсийлер, хламидийлер және грибоктар;
- 25) отқа қауіпті заттар – тұтанудың сыртқы көзінен жанатын, жеңіл тұтанатын заттар мен жанғыш сұйықтықтар;

26) объектінің (үй-жайдың) техникалық нығайтылуы – ғимараттың, үй-жайлардың, олардың периметрлерінің, күзеттің арнайы техникалық құралдарының (күзет, қауіп-қатер дабылы; қол жетімділікті бақылау жүйесі; теледидарлық бақылаудың бейнебақылау және бейнекүзет жүйелері; радиоактивті, химиялық және өзге де уландырғыш заттарды анықтау детекторлары; қаруды, жарылғыш заттар мен құрылғыларды анықтау детекторлары) және өрт дабылы жүйесінің, оның ішінде өртті автоматты түрде анықтау және өшіру жүйесінің конструкциялық элементтерін инженерлік қорғау жиынтығы;

27) патогенді биологиялық агент (бұдан әрі – ПБА) – адамдар үшін патогенді микроорганизмдер (бактериялар, вирустар, риккетсийлер, хламидийлер, қарапайымдылар, грибоктар, микоплазмалар, эндо- және эктопаразиттер), гендік-инженерлік түрлендірілген микроорганизмдер, биологиялық және өсімдік текстес улар (уыттар), гельминттер, сондай-ақ құрамында санамаланған агенттердің болуы ықтимал материал (қанды, басқа да биологиялық сұйықтықтарды және организмнің нәжістерін қоса алғанда);

28) паразитологиялық зертхана – биологиялық материалда және қоршаған орта объектілерінде гельминттерді және қарапайымдыларды анықтау бойынша зерттеулерді орындайтын зертхана;

29) периметр – қоршайтын құрылыш конструкцияларымен (тосқауылдармен) және бақылау-өткізу пункттерімен жабдықталған күзетілетін аумақтың (аймақтың) шекарасы;

30) полимеразды тізбекті реакция (бұдан әрі – ПТР) – зерттелетін микроорганизм геномының ерекше участесін анықтауға мүмкіндік беретін, ДНҚ-РНҚ (амплификация) фрагменті көшірмелерінің санын көп еселеп көбейтуге негізделген реакция;

31) радиологиялық зертхана – әр түрлі объектілерде радионуклидтің болуын анықтау бойынша радиациялық бақылау, радиологиялық зерттеулер жүргізетін, сонымен қатар, дозиметриялық, радиометриялық, спектрометриялық өлшеулер жүргізетін зертхана.

32) РНҚ – рибонуклеин қышқылы;

33) тәжірибелік зерттеулер – шығу тегі биологиялық микроорганизмдерді, гельминттерді, уыттар мен уларды пайдаланатын жұмыстардың барлық түрлері;

34) тәуекелді бағалау – БА-ның ену және таралу ықтималдығын және онымен байланысты әлеуетті әлеуметтік, медициналық-биологиялық, фито-

ветеринариялық, экологиялық және экономикалық салдарларын ғылыми негізделген бағалау;

35) таза аймақ – зертхананың БА-мен әрекеттер жүргізілмейтін үй-жайы немесе үй-жайлар тобы;

36) улы және қатты әсер ететін заттар – организмге аз мөлшерде және аз шоғырлануда түсken кезде патологиялық өзгерістер тудыратын химиялық қосындылар;

37) уақытша зертханалар (эпидемиологиялық жасақтар, экспедициялар) – эпидемиялық белен алулар пайда болғанда ұйымдастырылатын мерзімдік жұмыс істейтін зертханалар;

38) шартты жүқпалы аймақ – жүқпалы аймақ шегіндегі үй-жай немесе үй-жайлар тобы;

39) штамм – микроорганизмің таза өсіріндісі;

40) эпидемиологиялық маңызды объектілер – өндірілетін өнімдері және (немесе) қызметі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда, тұргындар арасында тамақтан улануды және инфекциялық аурулардың белен алуды тудыруы мүмкін объектілер.

2-тарау. Ғимараттың(тардың) құрылышына жер участкесін таңдауға, зертханаларды жобалауға, салуга, қайта жаңартуға және пайдалануға беруге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

5. Мынадай:

1) бұрын мал өлекесін және уытты қалдықтарды көму орындарына пайдаланылған;

2) жер участкесінде күйдіргі бойынша стационарлық қолайсыз елді мекен орналасқан жағдайларда жер участкелерінде құрылышты жобалауға және жүзеге асыруға жол берілмейді.

6. Зертханалардың ғимараттары дербес жер участкелерінде орналасуы немесе құрамына кіретін үйымның жер участкесінде орналасуы тиіс.

7. Зертханаларды орналастыруға қойылатын талаптар:

Зертхананы дербес ғимаратта орналастыруға жол беріледі, жеке кіретін есігі бар кіркітім-жапсарлас салынған өндірістік үй-жайларда, өндірістік ғимараттардың, жеке кіретін есігі болғанда бейінді үйымдардың бөлек қабаттарында, клиникалық-диагностикалық зертханаларды жеке кіретін есігі бар емдеу-профилактикалық үйымдарда орналастыруға жол беріледі.

8. Микробиологиялық патогендігі III-IV топтағы зерттеулерді орындайтын зертханалар тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардан кемінде 30 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналасады.

9. Зертхананың аумағы, ғимараттары Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы және Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес үй-жайлар жиыны мен аудандары болады.

10. Микробиологиялық зерттеулерді орындайтын зертханалардың қызметкерлер үшін санитариялық өткізгіші бар және материалды зерттеуге жеткізуге арналған кемінде кіретін екі есігі болуы тиіс. Зерттеуге арналған материалды арнайы беретін терезе арқылы алуға жол беріледі.

11. Патогендігі I-II топты ПБА-мен немесе патогендігі I-II топқа жататын ПБА жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыстар жүргізілетін стационарлық зертханалардың қоршаулары күрделі болуы және типтік жобалар бойынша салынады.

12. Сыртқы қоршауда жабылмайтын есіктің, қақпаның, қақпалы есіктің, сондай-ақ ойылған жерлердің және басқа да бұзылуардың болуына жол берілмейді.

13. Қоршауға оның периметрінің бір бөлігі болып табылатын ғимараттан басқа жапсарлас құрылыштар жанасып салынбауы тиіс, бұл ретте күзетілмейтін аумаққа қараған ғимараттың бірінші қабатындағы терезелер металл торлармен жабдықталады.

14. Аумақ қоршауының периметрі бойынша жарық орнатылады.

15. Зертхананы бірінші қабатқа орналастырған жағдайда барлық бөлмелердің терезелерінде темір торлар орнатылады.

16. Уақытша зертханалар қауіпсіздік талаптарын сақтаған кезде жеткілікті сүмен, электр қуатымен, көрізбен қамтамасыз етілген жағдайда бейімделген ғимараттарда, үй-жайларда орналасады.

17. Қоршау үшін қарапайым қоршауларды (агаш, металл, тор, керегекөз) пайдалануға жол беріледі.

18. Зертханада өндірістік қуаттылығына және орындалатын зерттеулер номенклатурасына сәйкес жұмыс бөлмелер және басқа үй-жайлар жиыны болуы керек. Зертхананың үй-жайлары өзінің тікелей мақсатына қарай пайдаланылуы тиіс. Қызметтік міндеттерді орындауға байланысты емес жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

19. Зертханалар үй-жайларының конструкциялық сәулет-жоспарлау орындалуы және кіруден қорғауды бірігіп қамтамасыз ететін техникалық қауіпсіздік жүйелерімен жарақталады.

20. Тәжірибелік, диагностикалық және өндірістік жұмыстар жүргізумен, сондай-ақ патогендігі I-II топты ПБА сақтаумен айналысатын объектілерде рұқсат беру режімі белгіленеді.

21. Үй-жайлардың ішкі әрлеуі олардың функционалдық мақсатына сәйкес орындалады.

Зертханалық үй-жайлардың едені, қабырғасы, төбесі тегіс, саңылаусыз, оңай өнделетін, дезинфекциялау және жуу құралдарының әсеріне тәзімді болуы тиіс, едені тайғанақ болмайды.

22. Патогендігі I-IV топты микроорганизмдермен жұмыс жүргізуге арналған "жұқпалы" үй-жайларда еден жабынының шеттері көтеріліп, қабырғаның бетімен бірдей болып бекітілуі тиіс. Траптар болған жағдайда еденде еңіс болуы тиіс. Жұқпалы аумақтың үй-жайларында аспалы төбелелер салуға рұқсат етілмейді.

23. Санитариялық-химиялық зертханада еден қышқылға тәзімді материалмен жабылады.

24. Радиологиялық зертхананың едені, төбесі және қабырғасы жуу құралдарына тәзімді, нашар сініретін материалмен жабылады.

25. От-жарылыс қаупі бар заттармен жұмыс істейтін үй-жайларда екі шығатын есік көзделеді.

Жұмыс үстелдері жанбайтын, тотығуға тәзімді материалмен қапталады, қышқылдармен және сілтілермен жұмыс істеу үшін ернеу құрылғысы болады.

26. Улы заттармен жұмыстар бөлек үй-жайларда (бөлмелерде) немесе бөлек сору шкафында жүргізіледі.

27. Бокстардың және басқа бөлмелердің есіктегі мен терезелері саңылаусыз тығыз жабылуы тиіс. Желдеткіштер жәндіктерден тормен қорғалады. Бокста және бокс алды бөлменің есігі әйнекті, көрінетін болады.

28. Барлық бокстарда бокс кіреберісі болады, онда қол жууға арналған раковина (қол жуғыштар), айна және дезинфекциялау ерітінділері бар сыйымдылықтар орнатылады. Қол жуғыш болмаған жағдайда қолдану нұсқаулығы бойынша тері антисептистерін пайдалуға болады.

29. Микробиологиялық зертханалардың үй-жайларын жоспарлау таза және жұқпалы ағындардың қызылсызын болдырмайды. Кіре беріс есікте зертхананың атавы және "Биологиялық қауіптілік" халықаралық белгісі

болуы керек. Үй-жайлардың есігінде олардың тағайындалуы көрсетілген тақта ілінеді.

30. Сынамаларды алуға және тіркеуге арналған үй-жайлар зертханаға кіре берісте орналасады. Зертханада материал алуға арналған пункт болған жағдайда персонал және тексерілетін адамдар үшін бөлек дәретханалар көзделеді.

31. Жұмыс орындарына өтетін негізгі жолдардың ені немесе екі қатар орналасқан жабдықтардың арасы шығып тұратын конструкцияларды есепке алғанда 1,5 метрден кем болмайды.

32. Өрт болған жағдайда патогендігі I-II топты ПБА-сы сақталатын тоңазытқыштар (термостаттар, сейфтер) шығарылмайды.

33. ПБА-мен жұмыс жасау үшін қауіптілігі 2-сыныпты БҚБ пайдаланылуы тиіс, ПБА-мен жұмыс жүргізілетін үй-жайлар бактерицидті сәулелегіштермен жабдықталады. Әрбір сәулелегіштің жұмыс уақытын есепке алу журналда белгілеу арқылы жүргізіледі.

34. Зертхана жұмысында қолданылатын аспаптар, жабдықтар және өлшеу құралдары аттестатталуы, тексерілуі, техникалық жарамды болуы тиіс, техникалық паспорты және қауіпсіздік талаптары ескерілген пайдалану жөніндегі жұмысшы нұсқаулығы болады.

35. Зертханалық жабдықтарды және бөлімшениң қауіпсіздігін қамтамасыз өтетін инженерлік жүйесін жөндеуді инженерлік-техникалық қызметтер және мамандар өндірістік қажеттілікке сәйкес жүзеге асырады.

3-тарау. Зертханадағы сумен жабдықтауға, кәріз жүргізуге, жарық беруге және желдетуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

36. Зертхананың орталықтандырылған ыстық және суық сумен жабдықтау, кәріз жүргізу, электрмен жабдықтау, жылыту жүйелері болады.

37. Елді мекенде орталықтандырылған су құбыры және кәріз жүргізу болмаған жағдайда, автономды сумен жабдықтау және кәріз жүйелері орнатылады.

38. Зертханада персоналдың қолдарын жууға арналған раковина және араластырғыш арқылы ыстық және суық су келтірілген ыдыстар мен мүкәммалды жууға арналған ванналар жабдықталады. Қолды жуу диспенсордан сүйық сабын берілуімен жүзеге асырылады және бір жолғы сұлгімен кептіру арқылы жүргізіледі.

39. Зертхана жабдықтары жасанды іске қосылатын ішке сору-сыртқа шығару желдеткішімен және сыртқа шығару шкафтарынан ауаны соруға арналған жеке (автономды) желдеткіш құрылғыларымен жабдықталады,

аудандық деңгейдегі зертханалар үшін механикалық іске қосылатын желдеткіш рұқсат етіледі.

40. Жұмысшы үй-жайлары ауасында жарылыс қаупі бар және улы газдардың, булардың және шаңның болуы рұқсат етілген шекті шоғырланудан аспайды.

41. Зиянды және ыстық булар мен газдар бөлетін заттармен жұмыстар жүргізілетін сыртқа шығару шкафтары будың тығыздығына байланысты автоматты іске қосылатын жоғарғы және төменгі сорғыштармен және сұйықтықтың еденге ағып кетуін болдырмайтын ернеулермен жабдықталады.

42. Сыртқа шығару құрылғылары 15-20 сантиметрге (бұдан әрі – см) ашиқ түрған шкафтардың қайырма жақтауларында ауаны сору жылдамдығы секундына шамамен 0,5-тен 0,7 метр (бұдан әрі – м/сек) дейін жылдамдықты қамтамасыз етуі тиіс. Қауіптілігі 1 және 2 сыныпқа жататын аса қауіпті заттармен жұмыс істеу кезінде ауаның жылдамдығы 1 м/сек дейін көбейтіледі.

43. Сыртқа шығару шкафтарының жүйесін ажыратқыштар оларға жақын орналасады, шкафтарда орнатылған аспаптарды қосатын розеткалар сыртқы панелінде, газ шумектері алдыңғы ернеуінде, штепсельдік розеткалар сыртқа шығару шкафынан тыс жұмыс үстелінің бүйірінде немесе шкафтың ішінде орналастырылады.

44. Сыртқа шығару шкафтарының және БҚБ-ның желдету жүйесінің ажыратқыштары оларға жақын орналасуы тиіс, шкафтарда және БҚБ-да орнатылған аспаптарды қосатын розеткалар сыртқы панелінде; газ шумектері алдыңғы ернеуінде; штепсельдік розеткалары сыртқа шығару шкафтан немесе БҚБ-дан тыс жұмыс үстелінің бүйірінде орналасады.

45. Сыртқа шығару шкафтарының жақтаулары (есіктері) жұмыс кезінде төменгі жағында кішігірім саңылаумен жабылады. Көтеріңкі жақтаулары олардың құлап кетуін болдырмайтындей құрылғылармен мықтап бекітіледі.

46. Зертхана үй-жайларындағы жұмыс бөлмелерінде ауаның температурасы плюс 18-21 градус Цельсий (бұдан әрі - °C) шамасында, салыстырмалы ылғалдығы 40 пайыздан (бұдан әрі - %) 70 %-ға дейін үсталады, егер зерттеу әдістемесінде басқасы көзделмесе, температуралық режимді және ылғалдық белгісімен құжаттаманы жүргізу қажет.

47. Үшінші және төртінші климаттық аймақ аудандарында орналасқан ғимараттарда жазғы кезеңде ауа баптағыштар, микробиологиялық зертханаларда қосымша дезарлар орнатылады. Жұқтырылған материалмен

жұмыс істеген кезде ауа баптағыш ажыратылады. Ауа баптағыштардың сүзгілеуші элементтері механикалық бөлшектерден тазартылып тұрады (ұш айда кемінде 1 рет) және дезинфекцияланады.

48. Зертхана үй-жайларының табиғи және жасанды жарығы болуы тиіс. Жұмыс бөлмелерінің терезелері оңтүстікке бағытталған кезде жұмыс үстелдері мен оптиканың күн сәулесінің тікелей түсуінен қорғалуы дезинфектанттарға төзімді күн көзінен қорғайтын ұлдір, жалюзи пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

49. Люминесцентті микроскоппен жұмыс жүргізілетін үй-жайдада, фото бөлмеде, себезгі бөлмелерінде, санитариялық тораптарда және қойма үй-жайларында табиғи жарықты көздемеуге жол беріледі.

4-тaraу. Зертханаларды құтіп-ұстауға, пайдалануға, ондағы жұмыс жағдайларына және радиациялық, химиялық, тоxикологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық қауіпсіздікті (оның ішінде аварияларды жою кезінде) қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1-параграф. Зертханаларға қойылатын жалпы талаптар

50. Жұмысқа кіріскенде және әрі қарай тоқсан сайын барлық зертханалардың жұмыскерлері үшін нұқсаулар жүргізілуі қажет.

51. Зертхана бекітілген номенклатура және өткізілетін зерттеулердің көлеміне сәйкес жеткілікті саны зертханалық ыдыспен, жабдықпен, шығын материалымен жасақталуы керек. Зертханада тиісті нормативті техникалық құжаттамаларға сәйкес анықталған зерттеулердің сапасын бақылау жүйесінің талаптары орындалуы қажет.

Зертхана жиһазы бактериологиялық зертханада ашық түсті болуы керек. Жиһаздың ішкі және сыртқы қабаты өндөуді қынданататын тесік және ойықтар болмауы керек және химиялық реагенттердің және дезинфекциялау құралының әсеріне төзімді болады.

52. Зертхана үй-жайында:

- 1) арнайы киімсіз жұмыс істеуге;
- 2) бұзылған желдеткішпен жұмыс жүргізуге;
- 3) жұмыс үй-жайларында темекі шегуге, тамакты сақтауға және ішуге; затбелгісі жоқ реактивтерді сақтауға және қолдануға;
- 5) жылыту құралдарында қандай да бір нәрсені кептіруге;
- 6) улы, қатты әсер ететін, жарылыс қауіпті заттар мен ерітінділер қорын жұмыс орындарында және сөрелерде сақтауға жол берілмейді.

53. Баллондарда қысыммен тұрған газ тәрізді заттармен жұмыс істеу кезінде:

- 1) баллонның вентильдерін тез ашуға;

2) вентильді ашу кезінде вентиль штуцерінің белағашын бағыты бойынша редуктордың алдында тұруға;

3) оттегі бар баллон үшін "Оттегі" деген жазуы жоқ редукторды қолдануға;

4) оларды жұмыс үй-жайында сақтауға;

5) талап етілетін реттеусіз балонның қондырғысымен қосылуын тексерусіз газды шығаруға;

6) таңбаланбаған баллонды пайдалануға жол берілмейді.

54. Жұмыс уақытында сыртқа шығару шкафтарының жақтаулары жабық болуы тиіс, көтеріңкі жақтаулары құрылғылармен мықты бекітіледі.

55. Сыртқа шығару шкафында жұмыс кезінде соратын тесіктің астына басын тосуға, тез буланатын сұйықтық қайнап жатқан кезде немесе құйылған ыдыстың үстінен еңкеюге жол берілмейді.

56. Тез тұтанатын сұйықтықтарды 100°С дейін жылыту сулы моншаларда, 100°С жоғары - май моншаларда жүргізілуі тиіс. Тез тұтанатын сұйықтығы бар біртіндеп жылытусыз ыстық суға салуға жол берілмейді.

57. Спирттік шаммен немесе тез тұтанатын сұйықтармен жұмыс істеуде авариялық жағдай болғанда отты сөндіру үшін жұмыс орнында тығыз мата болуы қажет.

58. Шыны аспаптармен жұмыс істеген кезде:

1) қыздырылған ыдыс салқындағылғаннан кейін берік кептелген тығынмен жабу;

2) шыны тұтікшелерді немесе термометрді тесілген сынамаға орнатқан кезде соңғысын алақанмен тіремеу, ал бүйір жақтарынан ұстау қажет;

3) шыны аспаптарды жинау немесе оның жекелеген бөліктерін көксағыз көмегімен қосу кезінде – қолды сұлгімен қорғау, шыны тұтікшелер сынған кезде тұтікшені кесіндінің маңынан ұстау керек.

59. Сұйықтықтарды ауыстырып қую кезінде (құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар сұйықтықтардан басқа) құйғышты қолдану қажет.

60. Жұмыстарды жүргізуде шыны аспаптардың қызыу кетуі немесе оның сынусы мүмкін сыртқа шығару шкафтарында қаңылтыр табаларда көзілдірік, қолғап және резенке алжапқыш киіп орындау қажет.

61. Спирт, бензол, ацетон, бром, йод құйылған құтылар берік кептелген шыны тығындармен, сілті құйылғандары бұрандалы тығындармен жабылады.

62. Зертханада: жедел көмек қажеттілігі және авариялық жағдайға дәрі қобдишасы болуы тиіс. Ботулиндік уыттармен жұмыс жүргізу кезінде – уытқа қарсы сарысулар болады.

63. Зертхана қызметкерлері арнайы киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2-параграф. Микробиологиялық зертханадағы жұмыс жағдайларына қойылатын талаптар

64. Микробиологиялық зертхананың патогендігі III-IV топты микроорганизмдерді жүқтყырған немесе жүқтყыруы ықтимал материалмен жұмыс жүргізу үшін "жүқпалы" және "таза" аймақтары болуы тиіс. "Жүқпалы" және "таза" аумақтардың шекарасында, жаңадан салынып жатқын немесе құрылыш жатқан зертханаларда санитариялық өткішгіш орнатылады.

65. Патогендігі I-IV топтардың қоздырғыштарын жүқтყырған немесе жүқтყыруы ықтимал инфекциялық материалмен жұмысқа әр ведомствоның қабылданған лауазымдарды ауыстыру тәртібіне сәйкес қажетті даярлаудан өткен жоғары және арнайы орта білімі бар мамандар жіберіледі.

66. Зертхананың үй-жайларын жұмыс басталғанға дейін ылғалды тәсілмен жинайды, "таза" аумақта жуу құралдарын, "жүқпалы" жуу құралы мен дезинфектанттарды қолдану арқылы және бактерицидті сәулелегіштермен қуаты 1 текше метрге (бұдан әрі – м3) 2,5 ватт жағдайында 30-60 минут бойы сәулелейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін үстелдерді, аспаптарды, жабдықты, еденді, БҚБ-ны дезинфекциялық ерітіндіні қолданып сұртеді. Жинау мүкәмал "таза" және "жүқпалы" аумақтар үшін жеке таңбалануы тиіс. Жинау мүкәмал тек қана осы аумақтарда таңбалануына сәйкес қолданылады.

67. Инфекциялық материалды жеткізу және оны бір зертханадан ұйымның (зертхананың) аумағындағы екіншісіне тасымалдау тұмшаланған жабық металл ыдыста (биксте, бактардан тоқазытқыш сөмкелерде, контейнерлерде) жүзеге асырылады. Сұйық материалдары бар жеткізілетін ыдыстар тасымалдану кезінде төгілуін болдырмайтын тығындармен жабылуы тиіс. Материалды ашқан кезде бикстер мен тұтікшелерді дезинфекциялық ерітіндімен сұртеді және металл табаққа қояды.

68. Инфекциялық материалды бокстан боксқа немесе автоклавқа ауыстыру металл бикстерде немесе бактарда жүргізіледі.

69. Инфекциялық материалды тұтіктерде, шыны аяқтарда, құтыларда себу кезінде материалдың атауы, талдау нөмірі, себу күні және тіркеу нөмірі көрсетіліп жазылады.

70. Құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар сұйық орталар автоматты тамшуырдың немесе бір рет пайдаланылатын стерилді тамшуырдың көмегімен сорып алынады. Сұйық орталарды түтіктен екінші түтікке жиегінен асырып құюға жол берілмейді. Пайдалану алдында ыдыстың, тамшуырлардың, жабдықтардың, шприцтердің тұтастығы және жарамдылығы тексеріледі.

71. Кептірілген микроорганизмдер бар ампулаларды ашу кювет үстінде үстелдік бокстарда дезинфекциялық ерітіндімен жүргізіледі. Кесілген ампуланың ұшы дезинфекциялық ерітіндіге батырылған ұш қабатты дәке салфеткамен жабылады және пинцетпен сындырып алынады. Ашылған ампула бір-екі минут бойы сол салфеткамен жабылған күйінде қалдырылады, одан әрі салфетка дезинфекциялық ерітіндіге батырылады, содан кейін ампула стерилді тампонмен жабылады.

72. Мынаған:

1) инфекциялық материалмен зерттеу жүргізілетін үй-жайда тірі вакцинамен жұмыс істеуге;

2) зерттелетін микроорганизмдер сезімтал болатын дәрілік препараттар болмаған кезде микробиологиялық зертханада вирулентті антибиотикке төзімді микроорганизмдермен тәжірибелік жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

73. Истен шыққан материалды (жұмысшы себінділерін, науқастардың биологиялық материалын, кеміргіштердің, зертханалық жануарлардың өлексерлерін, індік материалды) рұқсат етілген әдістердің бірімен заарсыздандырады. Есепке алынбаған жағындыларды, Петри тостағанын, түтіктерді және инфекциялық материалы бар басқа да зертханалық ыдыстарды жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс үстелдерінде қалдыруға жол берілмейді.

74. Жүқпалы материалды сақтағаннан кейін тоқазытқыштарды еріту оны дезинфекциялаумен бірге жүргізіледі. Конденсациялық су залалсыздандыруға жатады.

75. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін және түнгі уақытта зерттеу жүргізу үйим басшысының рұқсатымен ауысымдық жұмыс орындалған және зертханада кемінде екі адам (дәрігер және зертханашы) қатысқан жағдайда жүргізіледі.

Зертхана ішіндегі қызметкерлердің патогендігі I-IV топтың микроорганизмдерін жүқтывғаны туралы барлық ақпарат тез арада зертхана менгерушісіне және мекеме басшысына беріледі.

Пайдаланылған тамшуырлар дезинфекциялау ерітіндісіне арналарында ауа көпіршіктерін болдырмай, толық (тік) батырылады.

76. Жұмысты бастау алдында БҚБ сору желдеткіші қосылу керек. Материалдарды салу теріс қысымда жүргізілуі керек.

77. Зертхана үй-жайларында:

1) жағылған оттықтарды және басқа да қыздыратын аспаптарды бақылаусыз қалдыруға, шұмектері жарамсыз оттықтармен жұмыс істеуге, оларды тез тұтанатын заттардың жанында ұстaugа;

2) жанып тұрған оттықтар және қосылып тұрған электрлі қыздырғыш аспаптарының жанында кездейсоқ төгілген өртке қауіпті сұйықтықтарды жинауга;

3) жұмыс уақытында бокстың есігін ашуға жол берілмейді.

78. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс. Үйдістар мен баллондар таңбалануы және арнайы журналда еркін түрде тіркеледі.

79. Автоклавтар мен термостаттарды пайдалану кезінде мынадай талаптар орындалады:

1) автоклавта жұмыс істейтін адамға, егер онымен екі және одан көп жұмыскер айналысса, пломбыланған бактар мен басқа да жүқпалы материал бар ыдысты қолхат арқылы тапсыру;

2) автоклав жұмысын бақылау журналын жүргізу;

3) термостатқа тез жанатын заттарды қоймау;

4) реттейтін құрылғылардың сактандырғыш қалпақтарын алмау.

80. БҚБ өтетін жолдардан және әртүрлі ауа ағындарынан алыс орында орнатылуы тиіс. Техникалық қызмет көрсетуге қол жетімді болу үшін шкафтың артынан және екі бүйірінен кемінде 30 см бос кеңістік қалдырылады.

81. БҚБ-да жұмыс таза аймақтан жүқпалы аймаққа қарай бағытталып ұйымдастырылуы тиіс. БҚБ-ның ішкі беттері Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарымен өндөледі. БҚБ-да сұзгіштер жұмысының тиімділігіне жыл сайын бақылау жүргізу қажет.

82. ИФТ жүргізілетін бөлмелерде үстелдерді, аспаптарды, жабдықтарды өндеу 70% этил спиртімен жүргізіледі, ИФТ зерттеулер, ПТР жүргізген кезде 70% этил спиртін (күн сайын) және осы максаттарға қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес (ай сайын) жүргізіледі.

83. Вирустарды индикациялау бойынша жануарларда зерттеулер жүргізу кезінде мынадай шарттар сақталады:

1) зертханалық жануарларды жүктыру және сою, жүктырылған жануарларды күтіп-ұстау, центрифугалау, кептіру, аэрозоль түзуі мүмкін басқа да операциялар; жасушалардың өсірінділерін және тауықтың эмбриондарын жүктыру; суспензиялар дайындау; лиофилизацияланған ПБА-мен жұмыс; коллекциялық штаммдарды жүргізу бойынша жұмыс зертхананың жүқпалы аймағындағы боксталған үй-жайларында БҚБ-да жүргізіледі;

2) ПБА бар сыйымдылықтар дезинфекциялау ерітіндісіе батырылған көп қабатты салфетка жабылған табаққа немесе астауға орналастырылады;

3) тірі вирустармен серологиялық зерттеулер, тін өсіріндісінің әртүрлі алғашқы және қайта себілетін желілерін дайындау, клиникалық материалдарды алғашқы өндеу БҚБ-да жүргізіледі.

3-параграф. Қорғаныш костюмін қолдануға қойылатын талаптар

84. Орындалатын жұмыстардың сипатына байланысты қорғаныш костюмдерінің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) 1-тип – пижама немесе комбинезон, медициналық аяқ киім, медициналық қалпақ, үлкен орамал (капюшон), обаға қарсы халат, он қысымды респиратор-капюшон, мақта-дәке бетпердесі (шаңға қарсы респиратор, сүзетін немесе оттегі-оқшаулағыш газтұтқыш), көзілдірік, резенке қолғаптар, орамал, шұлықтар, аяқ киімдер, резенке етіктер;

2) 2-тип – пижама немесе комбинезон, медициналық аяқ киім, медициналық қалпақ, үлкен орамал (капюшон), обаға қарсы халат, мақта-дәке бетпердесі, резенке қолғаптар, сұлгі, шұлықтар, аяқ киімдер, резенке етіктер;

3) 3-тип – пижама, медициналық қалпақ, үлкен орамал, обаға қарсы халат, резенке қолғаптар, сұлгі, шұлықтар, аяқ киімдер, галоштар;

4) 4-тип – пижама, қалпақ (кішкентай орамал), обаға қарсы халат (хирургиялық), шұлықтар, аяқ киімдер.

85. Комбинезондар және пижамалар тығыз матадан тігіледі (без немесе кенеп мата), алдыңғы жағынан түмшаланып түймеленеді.

86. Обаға қарсы халат хирургиялық типі бойынша, бірақ одан айтарлықтай ұзындау (балтырының төменгі үштен біріне дейін) етіп тігіледі, бұл ретте оның етегі біріне бірі теренірек кіріп қабысуы тиіс; белдігі және жағасындағы байламдары екі жаққа бөлек тігілген екі бөліктен құралады, женін байлау үшін бір ұзын таспа тігеді.

87. Обаға қарсы орамалды 90x90x125 см өлшемімен дайындаиды.

88. Мақта-дәке бетпердесін ұзындығы 125 см және ені 50 см. дәкенің кесіндісінен дайындауды. Дәкенің кесіндісін сыртқы жиегінен ортасындағы екі жағынан 50 см ұзындықпен кеседі, содан соң дәке бөлігінің ортаңғы бөлігіне ұзыннынан тұтас тегіс ұзындығы 25 см ені 17 см мақта қабатын салады. Дәке бөлігінің жиектері айқастырылып қайырылады.

89. Көзілдіріктің жалпақ, жиектері тығыз жанасатын, олардың герметикалығын қамтамасыз ететін иілген шынымен немесе кез-келген басқа құрылымдағы "жаздық" түрін қолданады.

90. Обаға қарсы костюмді жүқпалы материалмен жұмыс істейтін үй-жайға кіргенге дейін мынадай тәртіппен киеді: пижама (комбинезон), шұлық, аяқ киім, медициналық қалпақ, капюшон (ұлken орамал), обаға қарсы халат және етік. Халаттың жағасындағы жіптерді және халаттың белдігін алдыңғы жағынан сол жақ бүйірінде міндетті түрде ілмектеп байлайды, содан кейін жеңіндегі жіптерді байлап бекітеді. Респиратор (бетперде) ауызды және мұрынды жабуы тиіс, бетперденің жоғарғы жіптерін желке тұсында ілмектеп байлайды, тәменгісі мұрынның қанаты жақтарына мақта тампондарын қойып, айқастырып байлайды. Көзілдірік нығыздалып орналасуы тиіс және ауа жібермеуіне тексеріледі.

91. Костюмді заарсыздандыру үшін өндеге арналған дезинфекциялық ерітіндісі бар бөлек сыйымдылық көзделеді: етікті немесе галошты, костюмді шешу үдерісінде қолғаптағы қолдарды, мақта-дәке бетпердені, халатты, орамалды (капюшонды), сұлгіні, қолғапты. Көзілдірікті 70° спиртке батырады.

92. Автоклавтаумен, қайнатумен немесе дезинфекциялау камерасында заарсыздандыру кезінде костюмді тиісінше бикске, қабатталған қапқа салады.

93. Қолғап киілген қолдарды костюмнің әрбір бөлігін шешкеннен кейін дезинфекциялық ерітіндіге батыра отырып, костюмді мынадай тәртіппен шешеді:

1) етік немесе галошты жоғарыдан төмен қарай дезинфекциялық ерітіндіге молынан батырылған мақта тампонмен сұртеді, сұлгіні шығарады;

2) егер олар жұмыс барысында қажет болған жағдайда, жеңқаптарды және қолғаптың екінші жұбын шешеді;

3) етікті шешеді;

4) дезинфекциялық ерітіндіге батырылған мақта тампонмен костюмде болған жағдайда алжапқышты сұртеді, сыртқы бетін ішіне қаратып бүктейді;

- 5) көзілдірікті екі қолмен алға қарай, жоғары және басының артына тартып шешеді;
- 6) қолғапты шешеді (қолғаптың тұтастығы сақталмағанына құдік болған кезде оларды дезинфекциялық ерітіндіде тексереді (бірақ ауамен емес);
- 7) қорғаныш костюмді шешкеннен кейін қолдарын 70° спиртпен өндейді, содан кейін сабынды сумен мұқият жуады;
- 8) мақта-дәке бетпердені оның сыртқы жағын бетке тигізбей шешеді;
- 9) халаттың жағасындағы жіптерді, белдікті шешеді және қолғаптың шетін төмен жіберіп жеңнің байламдарын ағытады, халатты шешіп, сыртқы бетін ішіне қаратып орайды;
- 10) орамалдың шеттерін бір қолмен желкеге жинап, абайлап шешеді.

4-параграф. Патогендігі I-II топты бактериологиялық зертханадағы жұмыс жағдайларына қойылатын талаптар

94. Микробиологиялық зертхананың патогендігі I-II топтардың микроорганизмдерін жүқтყырған немесе жүқтყыруы ықтимал материалмен жұмыс жүргізу үшін жүқпалы, шартты таза және таза аймақтары болуы тиіс. "Жүқпалы" және "таза" аумақтардың шекарасында, жаңадан салынып жатқын немесе құрылыш жатқан зертханаларда санитариялық өткішгіштерді орнату көзделеді.

95. Жұмыс күнінің соңында 1-2 топтардың патогендері сақталатын термостаттар, тоқазытқыштар, шкафттар пломбаланады, өндірістік үй-жайлардың есіктері құлыппен жабылады.

96. Патогендігі I-II топтардың қоздырғыштарымен жұмыс жүргізген кезде мынаны сақтау қажет:

- 1) буын аяқтылармен жұмыс істеу кезінде қолданылған ыдысты қайнату арқылы дезинфекцияланады, қалдықтарға дезинфекциялық ерітінді құйылады немесе өртеледі. Құрал-саймандар қайнатылады немесе отқа қақталады. Бөзден жасалған қаптар сулы-сабынды ерітіндіде 30 минут бойы қайнату арқылы дезинфекцияланады;
- 2) жыртқыш құстардың және андардың нәжістерін бөлшектеу оларды 1% формалин ерітіндісінде 12-18 сағат ұстағаннан кейін жүргізіледі;
- 3) жәндіктер және кенелер, олардың тарап кетуін болдырмайтын арнайы үй-жайларда (инсектарийде) шарбақтарда немесе банкілерде ұсталады. Инсектарийді толықтыру үшін ауланған бүргелер қан сормаған жастары пайда болғанға дейін жеке банкілерде ұсталады;
- 4) жұмыс аяқталғаннан кейін зерттелетін материал температурасы 18-20°С тоқазытқыш термостатқа салынады, үстел дезинфекциялық ерітіндімен, қолдар - 70° спиртпен өнделеді. Қызметкер аз уақытқа бокстан

шыққан кезде есік кілтпен жабылады, кілт зерттеу жүргізетін қызметкерде сақталады;

5) жүқпалы аймақтың үй-жайлары жасанды іске қосылатын және шығатын жерінде женіл тазалайтын сұзгісі бар ішке сору-сыртқа шығару желдеткішімен жабдықталады;

6) жүқтырылған жануарлармен жұмыс жүргізілетін үй-жайларға кіретін жерде биіктігі 30 см болатын табалдырық орнатылады, бактериологиялық бокстардың, серологиялық және жедел зерттеулер жүргізілетін үй-жайлардың есіктері алдында дезинфекциялық ерітіндіге батырылған кілемшелер төсөледі;

7) зертханалық үй-жайлар тұмшаланған болады;

8) зерттеулер нәтижелерін жазу шимай дәптерге жүргізіледі, бокстан шығару алдында дезинфекцияланады;

9) патогендігі I-II топтардың қоздырғыштарымен барлық зертханалық жұмыстарды жүргізу қорғаныш костюмімен жүзеге асырылады. Қорғаныш костюмін қолдануға қойылатын талаптар Санитариялық қағидаларға 3-параграфта келтірілген;

10) патогендігі I топтың қоздырғышын жүқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істейтін адамдардың жұмыс күнінің сонында дене қызыын арнайы журналда тіркеу арқылы термометрия жүргізіледі;

11) патогендігі I-II топтардың микроорганизмдерін жүқтыруы ықтимал материалды жүқтырылған жануарлар басқа жануарлардан бөлек ұсталады;

12) тоқсан сайын сарқынды судағы дезинфектанттың қалдық шоғырлануын және патогендік микрофлораны анықтау жүргізіледі.

Адамдардың, кеміргіштердің, эктопаразиттердің биологиялық материалын, сыртқы органдың, жүқтырылған жануарлардың сынаамаларын алуға және бастапқы өндеуге байланысты барлық жұмыстар және оларды патогендігі I-II топтың қоздырғыштарына зерттеу жүқпалы блокта 1-2 типті қорғаныш костюмдерін пайдаланып жүргізіледі.

Сап және мелиоидоз қоздырғыштарымен зерттеулер 2 типті қорғаныш костюмінде, резенке қолғаппен, мақта-дәке бетпердесімен және қорғаныш көзілдірігімен жүргізіледі. Жүқпалы бөлімшелердің боксқа кіреберістерінде жұмыс аяқталған соң қорғаныш костюмдері шешіледі және залалсыздандырылады. ЖИТС орталықтарының зертханаларындағы жұмыс үшін 3 типті қорғаныш костюмі пайдаланылады.

Зертхананың үй-жайынан қызметкердің қорғаныш киімімен шығуына және қызметкер жұқпалы материалмен немесе жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істеп жатқан кезде оны үй-жайдан шақыруға жол берілмейді;

13) күйдіргі қоздырғыштарымен жұмыс кезінде зерттеу ақталғаннан кейін зертхана үй-жайлары мен жабдықтарға осы қоздырғыштың себілуіне тексеру жүргізіледі.

97. Патогендігі I-II топтардың қоздырғыштарымен жұмыс жүргізетін микробиологиялық зертханада қызметкерлерде ауруға қудікті симптомдар анықталған жағдайда олар үшін және аварияға жол берген адамдар үшін оқшаулағыш көзделеді.

Оқшаулағыш негізгі және резервті ерекше дәрілік препараттар қорымен, шокқа қарсы дәрі-дәрмектермен және дезинфекциялық қуралдармен қамтамасыз етіледі.

98. Виварийлерде және инсектарийлерде омыртқалылар мен бұын аяқтылардың қозғалысын тіркеу ауланған күні мен орнын, зерттеу және карантин нәтижелерін көрсете отырып, арнайы нөмірленген және ау өткізілген журналда жүргізіледі.

99. Виварий және инсектарий үй-жайларына жұмыс күні аяқталғаннан кейін сүргі салынады.

100. Адамдар қанындағы сарысуладың антигенін анықтауға немесе патогендігі II топтың қоздырғыштарының антиденелерін анықтауға зерттеулер жеке бокстарда құрамында тірі микроорганизмдер жоқ диагностикумдарды қолданып жүргізеді.

Қан сарысуын центрифугалау арқылы бөліп алу бокста немесе БҚБ-да жүргізіледі.

101. Патогендігі I топтың микроорганизмдерімен жұмыс бокстарды өзара жалғастыратын жүйемен жарақталған арнайы тағайындалған зертханаларда жүргізіледі. Жұқпалы аймақтағы үй-жайларда есіктері автоматты түрде блокталатын өткізгіш автоклав орнатылады.

102. Биологиялық материалды сақтау төменгі температураға шыдамды, төменгі температурадағы шкафттарға немесе сүйық азотты ыдыстарға орналастырылған сынбайтын, түмшаланған контейнерлерде жүзеге асырылады.

Биологиялық материалды технологиялық желілер арасында немесе қоймаларға тасымалдау залалсыздандыруға жататын, түмшаланып жабылатын ылғал өтпейтін контейнерлерде жүргізіледі.

103. Жұқтырылған немесе патогендігі I-II топтардың вирустарын жүқтүрүү ықтимал материалмен жұмыс кезінде персонал обага қарсы 2 типті костюмді қолданады, жануарларды, эктопаразиттерді жүқтүру, биологиялық материалды центрифугалау және вакуумдық кептіру кезінде 1 типті қорғаныш костюмінде жүргізіледі. Жұмыс аяқталғаннан кейін персонал гигиеналық себезгі қабылдайды.

Кептірілген риккетсий өсіріндісі бар ампуланы ашу, риккетсийдің биомассасын гомогендеу 2 типті қорғаныш костюмінде БҚБ-да жүзеге асырылады.

5- параграф. Молекулярлық-биологиялық, иммундық-биологиялық зертхананың жұмыс жағдайларына қойылатын талаптар

104. ПТР әдісімен зерттеулер жүргізген кезде мынадай қағидалар сақталуы тиіс:

1) әр аймақта өзіне тиесілі жиһаздар жиыны, тоңазытқыштар/мұздатқыштар, зертханалық жабдықтар, реагенттер, автоматты тамшуырлар (дозаторлар), ұштықтар, пластикалық және шыны ыдыстар, қорғаныш киімдері, аяқ киімдер, ұнтақсыз бір рет қолданылатын қолғаптар, жинау мүкеммалы және тек осы бөлмеде қолданылатын басқа да шығыс материалдары болады;

2) жабдықтарды, шығыс материалдарын, реактивтерді, қолғаптарды, халаттарды бір үй-жайдан екінші үй-жайға тасымалдауға жол берілмейді;

3) мына аймақтар үшін жеке үй-жайлар бөлінеді: сынама дайындау, реакциялық қоспаларды, детекциялар (нәтижелерді есепке алу) дайындау, үш зонаның барлығы бокс аклды бөлмелермен жабдықталады;

4) ПТР-дің әрбір кезеңі бір рет қолданылатын шығыс материалын қолдану арқылы автоматты тамшуырдың (дозатордың) жеке жинағымен жүзеге асырылады. Бір рет қолданылатын шығыс материалы (ұштықтар және тұтіктер) ДНҚ-аздан және РНҚ-аздан бос, апирогенді болуы тиіс. Ұштықтарда сұзгіштер бар (аэрозолдық кедергі) болады;

5) ПТР бойынша барлық жұмыстар жұмыстың әрбір кезеңі қамтамасыз етілетін ұнтақсыз бір рет қолданылатын қолғаппен жүргізіледі;

6) ПТР жүргізуге арналған барлық үй-жайлар жуу және дезинфекциялық құралдардың әсеріне төзімді материалмен жабылады; барлық үй-жайларда бактерицидті сәулелегіштер орнатылады;

7) ПТР зерттеулеріне арналған үй-жайларды жеке ғимаратта орналастыру кезінде мыналар көзделеді: материалды қабылдайтын, ұлғілерді тіркейтін және алғашқы өндеуден өткізетін бөлме, дәрігерлерге арналған бөлме, киім іletін орын, дәретхана, себезгі, қойма үй-жайлары, автоклав, жуатын бөлме;

8) ПТР зерттеулерін нақты уақыт режімінде жүргізген кезде детекция үшін жеке үй-жай қажет етілмейді.

9) ПТР-дің барлық кезеңдерін өткізуге арналған реагенттерді сақтау шарттары қолдану бойынша нұсқаулыққа сәйкес болуы тиіс. Клиникалық үлгілер реагенттерден бөлек сақталады;

10) сынама дайындау және реакциялық қоспаларды дайындау кезеңдері БҚБ-да жүргізіледі;

11) сынама дайындау үй-жайы (бөлмесі) материалды қабылдау бөлмесіне жақын, детекцияға арналған бөлме мүмкіндігінше басқа аймақтардан алыс немесе оларға ауа ағынымен амплификация өнімдерінің енуін болдырмайтын оқшауланған бөлікте орналасады;

12) терезелер тығыз жабылуы тиіс. Жұмыс үстелдеріне күн сәулесінің тікелей түсуінен қорғау үшін дезинфекциялық құралдарға төзімді материалдан жасалған жарықтан қорғаушы үлдір қолданылады.

105. ИФТ жүргізу кезінде:

1) бір рет қолданылатын ұштықтарды және ыдыстарды қайта пайдалануға, жабдықтарды, шығыс материалдарын, реагенттерді, қолғаптарды, халаттарды ИФТ арналған үй-жайлардан басқа үй-жайларға тасымалдауға жол берілмейді;

2) жууға арналған ерітіндінің ұсақ тамшыларын сорғытуға арналған сүзгіш қағаз бір рет қана қолданылады;

3) ИФТ арналған үй-жайдың оңтайлы температурасы плюс 18°C - 22°C болады;

4) күн сайын (жұмыстан кейін) жабдықтарды, дозаторларды, штативтерді өңдеу 70% этил спиртімен жүргізіледі, планшеттерді автоматты жуғыш дистиллденген сумен, аптасына бір рет 70% этил спиртімен мұқият жуылады;

5) планшеттерді қыздырғыш аспаптардың жанында инкубация жасауға жол берілмейді;

6) термостаттың жоғарғы және төменгі сөрелеріндегі температура күн сайын бақыланады.

106. ЖИТС орталықтарының зертханаларында АИТВ-жұқтырғандардың қан сарысулары үлгілерінің "банкін" үйымдастыру үшін жеке бөлме көзделеді. Бөлме 2-камералық минустық (минус 40°C) тоқазытқыштармен жабдықталады, құлышпен жабылады және сүргі салынады.

107. Мицелиалды өсірінділермен зерттеу жүргізу кезінде мынадай шарттар сақталады:

1) грибоктардың мицелиалды фазасымен жұмыс істеу кезінде себінді бар агарлық пластинкалар термостатта 5 тәуліктен асырмай ұсталады (споралардың пайда болғанына дейін), себінді бар матрастар, тұтіктер бокстың сыртында ашылмауы тиіс. Себінділерді қарау боктарда 4 типті костюмде мақта-дәке бетпердесімен, бокстағы грибоктардың ашытқы фазасымен жұмыс 3 типті костюмде, бетпердемен, серологиялық зерттеулер 4 типті костюмде жүргізіледі;

2) жұмыс басталу алдында 15 минут бұрын бокста бактерицидті сәулелегіштерді және сыртқа шығару желдеткіш жүйесін қосады. Боксты тиеген кезде желдеткішті ажыратады. Егер бокстағы жұмыс кезінде ауаны сору тоқтатылса, жұмысты жедел тоқтатады. Бокстың ауасына бактериологиялық зерттеу тоқсанына бір ретten кем емес, сұзгіштің жұмысына бақылау айна бір рет жүргізіледі;

3) жасушалық элементтерді есептеу алдында, грибоктардың жұзгінің автоклавтайды немесе оған 10 % формалин қосып, әрі қарай термостатта 37оС температурада 2 сағат ұтайды.

4) мицелиалды фазадағы өсірінділермен жұмыс бокстан шығатын және кіретін ауаны тиімділігі жоғары сұзгіштер арқылы сұзуді қамтамасыз ететін желдету жүйесі бар тұмшаланған бокста жүргізіледі;

5) мицелиалды өсірінділерді себу боктарда өсірінділерді алдын ала тұтіктерге және матрастарға физиологиялық ертіндімен немесе сорпамен енгізгеннен кейін жасалады. Өсіріндінің шайындысы жағдайында сұйықтықты матрастарға ұзын инесі бар шприцпен тұтік арқылы енгізеді. Себінділерді металл сыйымдылықтарда инкубация жасайды;

5-тaraу. Зертханаларда вирустармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

108. Зертхананың жұқпалы аймағы бокстарында (немесе БҚБ-да) мыналар жүргізіледі:

- 1) жұқтыру және жануарларды сойып ашу;
- 2) жасушалар және тауық эмбриондары өсірінділерін жұқтыру;
- 3) жұзгіндер дайындау;
- 4) инфекция жұқтырған жануарларды күтіп-ұстau;
- 5) коллекциялық штаммдарды жүргізу;
- 6) лиофилизацияланған ПБА-мен жұмыс істеу;

7) центрифугалау, кептіру, дезинтеграциялау, аэрозол түзуі ықтимал басқа да операциялар бойынша жұмыс.

109. Тірі вирустармен серологиялық зерттеу, бастапқы және қайта егілетін тіндер өсірінділерінің сан алуан жүйелерін дайындау, клиникалық материалдарды бастапқы өндеу БҚБ-да жүргізіледі.

110. БҚБ-да жұмыс істеген кезде мақта-матадан тігілген пижамалар, стерилді халаттар, орамалдар, бетперделер киілуі тиіс. Жасушалық жүйелерді культивациялау және жұқпалы материалмен жұмыс істеу резенке қолғаппен орындалады.

111. ПБА бар ыдыстар дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған қабатталған салфеткамен жабылған дезинфекциялық табаққа немесе астауға орналастырылады.

112. Адамдардың қан сарысуларын антигендердің болуына зерттеу немесе патогендігі II топты қоздырғышқа антиденелерді анықтау кезінде мынадай шарттар сақталады:

- 1) жұмыс жеке үй-жайларда (бөлмеде, бокста) жүргізіледі;
- 2) инфекциялық емес (құрамында тірі қоздырғыштар жоқ) антигендерді (диагностикумдарды) қолдану;
- 3) центрифугалау арқылы қанның сарысуын бөлу бокста немесе БҚБ-да жүргізіледі.

113. Патогендігі I-II топтардың вирустарымен жұмыс арнайы арналған барлық зерттеулер өзара қатынасатын БҚБ жүйесінде жүргізілетін зертханаларда жүргізілуі тиіс. Жұқпалы аймақтардың үй-жайларында есіктері автоматты түрде жабылатын өтпелі автоклав орнатылады.

114. Жұқпалы аймаққа кіру жуыннатын себезгісі немесе шлюзі бар санитариялық өткізгіш арқылы жүзеге асырылады, ол жерде қорғаныш киімдері киіледі. Шлюзде жұмыс істеген уақытта бактерицидті шам қосылады.

115. Шлюздерге кіретін есіктер өздігінен жабылатын болуы және құлыптармен қамтамасыз етілуі тиіс. Жұмыс уақытында жұқпалы аймақтағы үй-жайлардың есіктері жабық болуы тиіс. Бұл уақытта вирусологиялық боксқа кіруге және шығуға жол берілмейді. Басқа үй-жайлармен байланыс жасау үшін телефон немесе сөйлесу құрылғылары қолданылады.

116. Биологиялық материалдарды сақтау тұмшаланған, төменгі температурага төзімді, сынбайтын контейнерлерде жүзеге асырылады, олар температурасы төмен шкафттарға немесе сұйық азот құйылған ыдыстарға орналастырылады.

117. Биологиялық материалды технологиялық желілер, сақтау қоймасы аралығында тасымалдау тұмшаланып жабылатын, ылғал өтпейтін, залалсыздандырылатын контейнерлерде жүргізіледі.

118. Жұмыс кезінде персонал 2 типті обаға қарсы костюмді қолданады, тауық әмбриондарын, жануарларды, экопаразиттерді жүқтүруды, биологиялық материалды центрифугалау және вакуумдық кептіруді 1 типті қорғаныш костюмімен жүргізіледі. Жұмыс аяқталғаннан кейін гигиеналық себезгі қабылдайды.

6-тaraу. Зертханада терең микоздар қоздырғыштарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

119. Мицелиалды фазадағы өсірінділермен әрекет жасау, грибоктардың өміршешендігінің барлық фазаларын зерделеу БҚБ-да жүргізіледі.

120. Егер жұмыс кезінде бокста ауаны сору тоқтап қалса, онда жұмыс та бірден тоқтатылады. Аптасына кемінде бір рет бокстың ауасына бактериологиялық зерттеу, сұзгіштің жұмысына айна бір рет бақылау жүргізіледі.

121. Мицелиалды фазадағы өсірінділерді егу бокстарда физиологиялық ерітіндімен немесе сорпамен тұтікке және матрасқа алдын ала енгізгеннен кейін жүргізіледі. Өсірінділер шайындысы барысында сұйықтықты матрасқа ұзын инесі бар шприцпен тұтік арқылы енгізеді. Өсірінділерді металл сыйымдылықтарда инкубациялайды.

122. Грибоктардың мицелиалды фазасымен жұмыс істеу кезінде агар пластиналарын себінділерімен 5 тәуліктен аспайтын уақытқа (спорада болғанға дейін) термостатта ұстайды, себінділері бар матрастарды, тұтіктерді бокстан тыс жерде ашпайды. Бокстарда себінділерді қарау 4 типті костюммен, мақта-дәке бетпердесін киіп жүргізеді. Грибоктардың ашытқы фазасымен жұмысты бокста бетпердемен 3 типті костюммен, серологиялық зерттеуді – 4 типті костюммен жүргізеді.

123. Грибок жүзгіндерінің жасушалық элементтерін есептеу алдында автоклавтайды немесе 10% дейінгі формалинді қосады және термостатта 37°C температурада 2 сағат ұстайды.

124. Антигендерді, вакциналарды алу мақсатында өсірілген грибоктарды 30 минут бойы 0,5 атмосфера жағдайында немесе формалинді ақырғы шоғырлануына дейін 0,5% қоса отырып, автоклавтау арқылы залалсыздандырады.

7-тaraу. Зертханаларда паразиттік аурулардың қоздырғыштарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

125. Ішінде стробила, онкосфера, жұмыртқалар, құрттар, ересек гельминттер мен ішек қарапайымдылары болуы ықтимал материал тығыз жабылатын қақпағы бар шыны немесе пластикалық ыдыста жеткізіледі.

126. Гельминттердің, ішек қарапайымдыларының және қан паразиттерінің болуына зерттеуді және дайындауды копроовоскопия, байыту және перианальді қырынды әдісімен ая шығару шкафында жүргізеді. Байыту әдістерін қолдану арқылы зерттеуге арналған зертханалық ыдыс кюветте орнатылады. Зерттеу үшін дайындалған препараттар арнайы подностарға қойылып, жағындылар бар заттық шынылардың астына қолемі үлкен шыныларды салады.

127. Зерттелетін материалмен, ыдыспен, жабдықпен жасалатын барлық әрекеттер резенке қолғаппен жүргізіледі.

128. Пайдаланылған тамшуырлар, тұтіктер, капиллярлар, заттық және жабынды шынылар дезинфекцияланады.

129. Гельминттерді жұқтыруы ықтимал материал жеке тоңазытқышта сақталуы тиіс, ол жұмыс күнінің соңында сүргіленеді.

8-тaraу. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен жүргізілетін жұмысқа қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

130. Меншік нысандарына, ведомстволық тиістілігіне қарамастан зертхананың (бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, молекулярлық-биологиялық, иммундық-биологиялық) патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен жүргізілетін жұмысқа санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес биологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауды бақылау жөніндегі тиісті комиссияның рұқсаты болуы керек.

131. Биологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауды бақылау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – режимдік комиссия) туралы ережені және орталық режимдік комиссияның құрамын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітеді.

132. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерінің сыныптамасы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

133. Рұқсат мынадай микроорганизмдермен:

1) патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдеріне және гельминттерге: ғылыми-зерттеу институттарына (Ғылыми орталық), облыстық, қалалық (Астана, Алматы) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарына, обаға қарсы күрес станцияларға, сондай-ақ республикалық

манызы бар басқа ведомстволардың мекемелеріне – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органының орталық режімдік комиссиясы (ОРК);

2) патогендігі III-IV топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен: облыстар, қалалар мен аудандардың аумақтарында орналасқан зертханаларға – облыстық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органы жанындағы тиісті режімдік комиссия ғылыми-зерттеу, тәжірибелік, өндірістік, далалық және диагностикалық жұмыстарды жүргізуге беріледі. Режімдік комиссияның құрамына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының мамандары енеді.

134. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс жүргізуге рұқсат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының З-бабының 1-тармағына сәйкес қағидаларға 10-қосымшадағы нысанға сәйкес беріледі:

- 1) 10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) зертхананы оның бейініне сәйкес режімдік комиссия мамандарының тексеру актісі;
- 3) зертхананың бейініне сәйкес сарапшыларының қорытындысы;
- 4) орындалатын зерттеулер номенклатуrasesы, материалдық база, кадр құрамы және персоналдың көсіби дайындығы көрсетілген түсіндірме жазба.

135. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдері мен гельминттердің қоздырығыштарын жүқтыврған немесе жүқтывруы ықтимал материалмен жұмыс жүргізуге берілетін рұқсаттың шарттары мыналар болып табылады:

- 1) мамандардың жұмысқа тұру алдында алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден өтуі;
- 2) профилактикалық егулер алуы (қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін аурулар тізбесі бойынша, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен бекітілген егулер жүргізу ережесіне сәйкес және жоспарлы егуге жататын халықтың топтары бойынша);

136. Патогендігі I-II топтардың қоздырығыштарын жүқтыврған немесе оларды жүқтывруы ықтимал биологиялық материалмен жұмыс істеуге берілетін рұқсаттың шарттары мыналар болып табылады:

- 1) қызметкерлердің эпидемиология, бактериология, вирусология, паразитология және аса қауіпті инфекциялар бойынша маманданудан өтуі;

2) патогендігі I-II топтардың қоздырғыштарын жүқтүрған немесе оларды жүқтүруы ықтимал материалмен жұмыс істеу кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен қауіпсіздік техникасын білуіне, ұйым басшысының бұйрығымен ресімделген мерзімдік (екі жылда бір реттен жиі емес) аттестаттаудан өтуі.

137. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің үй-жайларға тұрақты баруына зертханада жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша олар арнайы нұсқамадан өткеннен кейін ұйым басшысының өкімімен рұқсат беріледі.

Олар келген кезде зертханада жүқпалы немесе жүқтүруға құдікті материалмен жұмыс тоқтатылады. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің үй-жайларды аралауы зертхана қызметкерінің біреуі ілесе жүруімен жүзеге асырылады және арнайы журналда еркін нысанда тіркеледі.

9-тaraу. Химиялық заттармен және улармен жұмыс жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

138. Зертханаларда арнайы (зақымдалмаған) химиялық ыдыстар пайдаланылады. Химиялық ыдыстар таза және құрғақ күйінде пайдаланылады. Суда ерімейтін органикалық заттар ыдыстан органикалық еріткіштермен кетіріледі.

Үдыстарды химиялық әдістермен тазарту үшін хромдық қоспа, күкірт қышқылы және сілтілердің ерітінділері қолданылады. Үдыстар мұқият тазартылғаннан және жуылғаннан кейін арнайы кептіргіш шкафтарда кептіріледі.

139. Шыны материалдарынан жасалған аспаптарды жинау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) диаметрі үлкен емес шыны түтікшелер шыны кесуге арналған арамен кескеннен кейін сынады;

2) шыны түтікшелердің ұштарын жинауды жеңілдету үшін олар балқытылады және сумен немесе глицеринмен ылғалданырылады;

3) шыны ыдыстармен жұмыс істеу барысында жарақат алғанда (кесіп алғанда) жараны шынының сынықтарынан тазартады, түскен химиялық затты бейтараптандырады немесе теріден тиісті ертіндімен немесе суға батырылған тампонмен сініріп алынады.

140. Жабдықтарда жұмыс кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) вакуум астындағы жұмыстар үшін түбі жайпақ құтыларды, сондай-ақ плюс 100 °C жоғары температурада пайдалануға жол берілмейді;

- 2) вакуум астынан сорып алу үшін қалың шыныдан жасалған Бунзен құтысы қолданылады. Шар түріндегі емес, жұқа қабырғалы ыдыстарды вакуумның астына қоюға жол берілмейді. Вакуумның астында жұмыс істеуге арналған ыдыстар алдын ала ең көп сұйылтылуға сыналады. Сынақ жүргізу алдында ыдысты темір тормен орайды;
- 3) жинақталған аспапты оның жарамдылығын алдын ала тексермей пайдалануға және жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдыруға жол берілмейді;
- 4) жұқа қабырғалы ыдысты тығынмен жапқан кезде тығынға жақын болатын мойнының жоғарғы бөлігінен ұстайды. Ысыған ыдысты кептелген тығынмен салқындағанға дейін жабуға жол берілмейді;
- 5) қайнау температурасы плюс 150 °С жоғары заттарды айдау барысында ауамен салқыннататын тоқазытқыш қолданылады;
- 6) көгертертін қышқылмен және оның тұздарымен, диметилсульфатпен, алмаспен, фосгенмен, хлормен, броммен, азот тотығымен, диазометанмен, күкірт сутегімен жүргізілетін жұмыс резенке қолғаптарды және қажет болған жағдайда шантұтқышты (газтұтқыш) қолданып, ауа шығару шкафында орындалады;
- 7) натрий азидімен, металлды натриймен және калиймен жұмыс кезінде сумен жанасуға жол берілмейді;
- 8) металлды натриймен және калиймен реакциялар ауа немесе майлы моншаларды қолдана отырып жүргізіледі. Ерітілмеген майлы қатардағы галоидті қосылыстарды диметилсульфоксидпен, металлды натриймен және металлды калиймен қосуға жол берілмейді;
- 9) реакциялық қоспаны қайнатуға дейін қыздырған кезде тұбі дөңгелек қабырғасы жұқа термоқұтылар, сұйықтықтарды айдау үшін арнайы тұбі дөңгелек құтылар (Вюрц, Кляйзен құтылары, екі немесе үш ауызды құтылар) қолданылады;
- 10) сұйықтықты тұтікте немесе құтыда қыздыру кезінде құтыны арнайы ұстағышпен, оның тесігін жұмыс істейтін адамнан басқа жаққа бағыттап ұстайды;
- 11) сумен салқыннататын тоқазытқышпен жұмыс кезінде судағы токтың үздіксіздігі бақыланады;
- 12) тотықтарды жою темір сульфатының сулы ерітіндісімен сілкілеу арқылы жүргізіледі;
- 13) эфирді, эфирлі ерітінділерді және басқа тез тұтанатын заттарды төгу ауа шығару шкафындағы арнайы шыны сауытқа жүргізіледі, одан әрі бөлек

ыдысқа ауыстырылады. Оларды су құбыры раковиналарына немесе су ағызатын құйғыштарға құюға жол берілмейді.

141. Еріткіштерді айыру (эфир, спирт, бензол, толуол) алдын ала су ағысы бар сорғыда, одан әрі майлы вакуум-сорғыны қолдану арқылы жүргізіледі. Вакуум-сорғыны қосу алдында құтының ішіндегі салқындастылады. Айырғыш құтыны вакуум-қондырғыда қыздыру аспапта сұйылтуға қол жеткізілгеннен кейін жүргізіледі.

142. Газдық оттықтың ашық жалынында айыру кезінде құты түбінің бетін қыздыру біркелкі жүргізіледі.

Вакуум-қондырғыда айыру және құтыны салқындастудан кейін, манометрдің шұмегі жабылады, сорғы жүйеден ажыратылады және мотор өшіріледі.

143. Улы заттармен (органикалық және минералды қышқылдар, оттегі, азот, құрамында галоид бар қосындылар, мышьяк, фосфор және басқа да улы металлдар мен металл еместер қосындылары) жұмыстарды сақтақ шараларын сақтап, оқытылған персонал жүргізеді.

144. Зертханада қолданылатын қатты әсер ететін улы заттарды (бұдан әрі – ҚӘУЗ) (мышьяк және оның қосындылары, көгертертін қышқыл және оның тұздары, алмас, фосфор органикалық қосындылар және басқалары) шкафта арнайы бөлінген орында немесе құлпы мен пломба салынатын ағаш жәшікте сақталады. Ішінде улы заттар бар ыдыстардың "У" деген және заттың атауы жазылған айқын және ашық түсті затбелгісі болуы тиіс. ҚӘУЗ-ды сақтауға, есепке алуға және шығысқа жазуға жауапкершілік кәсіпорын (мекеме, ұйым) бойынша бұйрықпен тағайындалған адамға жүктеледі.

145. Ішінде от-жарылыс қауіпті заттар және қатты әсер ететін улы заттар бар сыйымдылықтар жұмыс үй-жайларында жұмыс күніне қажетті мөлшердегі заттарымен сақталады. "А" және "Б" тізіміндегі медициналық препараттар 1-2 апталық қажеттілікten аспайтын көлемде сақталады, жұмыс үшін тәуліктік қажеттілік мөлшерінде беріледі, ал күні бойы қолданылмағандары сақтауға қайтарылады.

146. Улы заттармен және қатты әсер ететін заттармен жұмыс істеу кезінде сифон немесе резенке грушасы бар арнайы тамшуыр пайдаланылады.

Қатты улы заттар және қатты әсер ететін заттар жабық ступкада ұнтақталады және салмақ астындағы ыдыста өлшенеді. Жұмыс шаңтұтқышпен жүргізіледі.

147. Улы және қатты әсер ететін заттарды қыздыруға түбі дөңгелек күтыларда майлы, құмды, сулы моншаларда спиралі жабық электрлі пештерде жол беріледі. Ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

148. Еденге немесе үстелге төгілген улы және қатты әсер ететін сұйықтық дезактивацияланады.

Улы және қатты әсер ететін заттармен жұмыс кезінде пайдаланылған сұзгілер және қағаз бөлек ыдысқа жиналады және газ пештерінде немесе камераларында өртеледі.

149. Улы газдармен жұмыс аяқталғаннан кейін аспаптар инертті газбен үрлеу немесе сумен толтыру арқылы залалсыздандырылады.

Сынақ жүргізіліп болғаннан кейін босаған ыдыстар мен құралдар залалсыздандырылады және жалпы жуғышқа беріледі.

150. Тез тұтанатын жанатын сұйықтықтар (қайнау температурасы төмендерін есептемегенде) сыйымдылығы 2 литрден (бұдан әрі - л) аспайтын қабырғасы қалың сауыттарда немесе берік кептелген тығындары бар банкілерде сақталады. Сыйымдылығы үлкен болған кезде ыдыс тұмшаланған металл сауыттармен жабдықталады.

151. Ішінде оңай тұтанатын жанғыш заттар бар банкілер қақпағы тығыз жабылатын, қабырғасы мен түбі асбестпен қапталған арнайы металл жәшіктеге салынады. Жәшіктің түбіне қалыңдығы 10 мм құм төселеді. Жәшік қақпағының ішкі жағына заттың атауы анық жазылады.

Жәшік жүретін жерлерден және қыздыру құралдарынан алыс, оған баратын жол ыңғайлы болатындай еденде орналастырылады.

152. Диэтильді (күкіртті) эфир басқа заттардан оқшау салқын және қараңғы үй-жайда сақталады. Дайындалған мерзімінен бір жыл өткен эфир құрамындағы периоксидтерге тексеріледі. Құрамында периоксидтер бар ерітінділер жойылады немесе қайта айдаудан өткізіледі. Тез тұтанатын және жанатын сұйықтарды қоймадан зертханаға жабық сынбайтын ыдыспен немесе сауытқа салынған шыны ыдыспен жеткізеді.

153. Сығылған газды пайдаланатын жабдық (газды хроматографтар, хроматомассалар, сұйықтық хроматографтар, атомдық-сініруш спектрометрлер, вольтамперометрлік талдағыштар) бірінші қабатта немесе басқа қабаттарда газ баллонына арнайы орын бөлу сақталған жағдайда орнатылады. Жабдықтармен жұмыс істеуге арнайы оқытудан өткен адамдар жіберіледі.

Газ баллондарының таңбалануы және айрықша түске боялады.

154. Өрт-жарылыс қауіпті заттармен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар көмірқышқылды өрт сөндіргіштермен және өрт сөндіретін басқа құралдармен жабдықталады.

Тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтармен жүргізілетін барлық жұмыстар ауа шығару шкафында жедеткіш жұмыс істеп тұрғанда және электр құралдары мен газдық оттықтар өшірілген жағдайда жүргізіледі. Ауа шығару шкафтараты және жұмыс үстелдері ыстық және сұық суды келтіруге арналған коммуникациялармен, сығылған ауамен, тұрмыстық газбен, электр қуатымен қамтамасыз етіледі; суды ағызуға арналған раковина орнатылады.

155. Қайнау температурасы төмен өрт қауіпті заттар қатты балқытылған шынылардан жасалған түбі дөңгелек құтыларда осы заттың қайнау температурасын ескере отырып, тиісті жылу ұстағышпен (сумен, маймен) толтырылған моншаларда қайта айдалады және қыздырылады. Моншалар айдауға арналған құралдан кем дегенде 0,5-0,8 м қашықтықта орналастырылады.

156. Қайнау температурасы төмен тез тұтанатын сұйықтықтар бар ыдыстарды ашық отта және электрлі қыздыратын аспаптарда қыздыруға жол берілмейді.

Қайнау температурасы аса жоғары сұйықтықтар құты қыздырғыштарда қыздырылады.

0,5 л көлемдегі онай тұтанатын сұйықтықтарды қыздыру кезінде құралдың астына авариялық жағдайда сұйықтың үстелдің үстіне төгілуін болдырмау үшін сыйымдылығы жеткілікті кювет қойылады.

157. Тез тұтанатын сұйықтықтарды қыздыруға қолданылатын барлық аппаратура жарамсыздықтарды уақытында анықтау үшін мезгіл-мезгіл тексеріледі.

158. Жарылыс болдырмау үшін диэтильді эфирді кепкенге дейін булауға жол берілмейді.

159. Жанғыш сұйықтықтармен жұмыстар жүргізілген ыдыстар зерттеу аяқталған соң жуылады.

Жұмыста пайдаланылған жанғыш сұйықтықтар арнайы тұмшаланған жабылатын ыдысқа жиналады, ол жұмыстың соңында жою үшін зертханадан әкетіледі.

Қауіптілігі 3-4-сыныпты пайдаланылған жанғыш сұйықтықтарды жою тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигондарда, ал қауіптілігі 1-2 сыныпты жанғыш сұйықтықтары улы қалдықтарға арналған полигондарда көмуге жатады.

160. Өрт қауіпті сұйықтықты кездейсоқ төгіп алған жағдайда барлық оттықтар және қыздыратын асапаптар сөндіріледі, сұйықтық төгілген жерге құм себіледі. Ластанған құм ағаш немесе пластмасса күрекшемен жинап алынады. Тез тұтанатын заттарды сумен сөндіруге жол берілмейді.

161. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды ауа шығару шкафында (ауа сорғышта) өртенген жағдайда желдеткіш ажыратылады.

162. Күйдіргіш заттармен (қышқылдар, сілтілер) кез келген жұмыстарды орындау кезінде күйіп қалудың алдын алу үшін зертханада жұмыс істеушілер қорғаныш көзілдіріктерін (былғары немесе резенке оправалы) және резенке қолғаптарды, кейбір жағдайларда резенке (резенке қосылған) алжапқыш пайдалануы тиіс. Қышқылдармен және сілтілермен жұмыстарды қорғаныш көзілдіріксіз орындауға жол берілмейді.

Қаныққан қышқылдармен және ұшқыш сілтілермен атқарылатын жұмыстар ауа шығару шкафтаратында орындалады.

163. Қышқылдар бар шөлмектер корзинада немесе тор себетте сақталады, екі адам немесе тұмшаланған ыдыста арнайы арбамен тасымалданады.

Шөлмектен қышқылдар және сілтілер кіші ыдыстарға сифон немесе әртүрлі конструкциялардағы қол сорғылары арқылы құйылады.

164. Қышқылдардың ерітіндісін дайындау үшін суға жіңішке ағынмен ақырын үздіксіз араластыру арқылы құйылады. Қышқылға су құюға жол берілмейді. Күкірт қышқылын вакуум-эксикаторларда су сініретін зат ретінде қолдануға жол берілмейді.

Қаныққан азот, күкірт және тұз қышқылдарын зертханалық үй-жайларда қабырғасы қалың сыйымдылығы 2 л аспайтын шыны ыдыста ауа шығару шкафында шыны немесе фарфор тұғырықтарда сақтайды. Тұтіндейтін азот қышқылы бар шыны сауыттарды тотықпайтын болаттан жасалған арнайы жәшіктерде сақтау керек.

165. Ерітінділерді дайындау кезінде сілті суға шағын кесектермен үзіліссіз араластыра отырып ақырын салынады, сілтінің кесектері тек қысқышпен ғана ұсталады. Алдын ала тығыз матамен жабылған күйдіргіш сілтінің ірі кесектері арнайы бөлінген орында ұсақ кесектерге бөлінеді.

166. Сынапты төгіп алған жағдайда оны демеркуризациялау бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Төгілген сынапты аулағышы бар вакуум-тамшуырмен жинайды немесе вакуумдық сорғыға қосылған Тищенко сауыттарын, мыстан жасалған қылқаламдарды немесе тілімдерді пайдаланады. Сынаппен былғанған бет тұз қышқылымен қышқылданған перманганат калийінің 1%-дық ерітіндісімен өндөледі.

167. Қышқылмен күйген кезде зақымдалған орын судың мол мөлшерімен, содан кейін натрий гидрокарбонатының ерітіндісімен жуылады және күйікке қолданылатын жағынды жағылады, сілтімен күйген кезде мол мөлшердегі сумен, содан кейін сірке қышқылының 1%-дық ерітіндісімен өнделеді және күйікке қолданылатын жағынды жағылады.

168. Уланудың аздаған белгілері байқалған кезде зардап шегушіні ластанған үй-жайдан таза ауаға шығарады, жазық бетке жатқызады, қысып тұрған киімдерінен босатады, жылы жауып қояды.

Фосформен уланған кезде асқазаның мол мөлшердегі сумен шаяды. Сүт немесе май ішуге жол берілмейді.

169. От-жарылыс қауіпті заттармен жұмыстан кейін жұмыс орнын жинау, асапаптар мен аппараттарды су, электр қуаты, тұрмыстық және сығылған газ көздерінен ажырату жүргізіледі.

170. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолдарды сабындан жуады, ауыз сумен шайылады, қорғаныш көзілдіріктер дезактивацияланады.

171. Улы және қатты әсер ететін заттармен ластанған арнайы киімдер және сұлық жуу алдында дезактивацияланады.

172. Электрлі қондырғыларды және электрлі жабдықтарды пайдалану бойынша жұмыстарға арнайы оқытудан өткен және біліктілік қуәлігі бар қызметкерлер жіберіледі.

173. Әрбір зертханада кесіп алу, күю, улану және басқа да жазатайым оқиға орын алғанда алғашқы көмек көрсету үшін дәрі-дәрмек қобдишасы болуы қажет, сондай-ақ авариялық жағдайларда және қауіпті жұмыстарда қорғауды қамтамасыз ететін газтұқыштардың жеткілікті саны болады.

10-тарау. Токсикологиялық зертханадағы жұмыс жағдайларына және токсикологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

174. Зертханалық жануарларды орналастыруға арналған үй-жайлар желдету жүйесіне қосылған торларға арналған шкафтармен жабдықталады.

175. Виварийге келіп түсетін барлық жануарлар түскен күні міндетті түрде ветеринариялық қараудан өтеді. Дені сау жануарлар мен тәжірибеде қолданылған жануарларды бірге ұстауға жол берілмейді.

176. Улау камерасының үй-жайы қалған үй-жайлардан бөлек орналастылады және сору-сыртқа шығару желдеткішімен және камералардағы арнайы желдеткішпен жабдықталады.

177. Камераларда жануарларға улау жүргізген кезде зерттелетін затты беру жануарларды камераға кіргізгеннен кейін және камераны мұқият тұмшалаудан соң басталады.

178. Улау үдерісі камерадағы тұрақты теріс қысым (су бағанасы бойынша 5-6 мм) кезінде жүргізіледі. Улау аяқталған соң зерттелетін затты камераға беруді жануарларды камерадан шығарудан 10-15 минут бұрын тоқтатады, камераны таза ауамен желдетеді және оның тұмшалауын ашу және жануарларды шығару жүзеге асырылады.

179. Жануарлардың әрбір өлген немесе союға мәжбүр болған жағдайы арнайы журналда тіркеледі. Тәжірибелік және қолданылмаған жануарлардың өлекселері акті ресімделе отырып, әкімшілік бөлгөн жауапты адамның бақылауымен өртеледі.

180. Жануарларды виварийден зертханаға жеткізу және кері апару арнайы дезинфекцияланған торларда жүзеге асырылады. Егеуқүйрықтар мен тышқандар виварийде күтіп-ұсталған торларында тасымалданады. Жарақаттанудың (тырнау және тістеудің) алдын алу мақсатында зертханалық жануарлармен барлық әрекеттер арнайы станоктарда және қолғаптарды киіп жүргізіледі.

181. Ауру жүқтүрған жануарларды күту кезінде әрбір торды тазалағаннан кейін резенке қолғаптарды қолдан шешпей, дезинфекциялық ерітіндіге батыра отырып залалсыздандырылады.

182. Виварий қызметкерлері арнайы киіммен (халаттар, алжапқыш, қалпақ, резенке қолғап) қамтамасыз етіледі.

183. Ұытты заттармен жұмыс жүргізілетін токсикологиялық зертхананың үй-жайларында тамақ ішуге және темекі шегуге жол берілмейді.

11-тaraу. Радиологиялық зертханадағы жұмыс жағдайларына және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасызы етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

184. Сәуле көздерімен жұмыс істеуге (А тобының персоналы) 18 жасқа толған, медициналық қарсы айғақтары жоқ, нұсқамадан өткен және қауіпсіздік қағидаларына білімі тексерілген адамдар жіберіледі. Білімін тексеру нәтижесі журналда тіркеледі.

185. Радиологиялық зертханалар басқа үй-жайлардан оқшауланып, ғимараттың жеке бөлігінде немесе бөлек қабатта орналасуы тиіс. Қабылдауға, дозиметрлік бақылауға және сынамаларды бөлуге арналған ортақ үй-жайлар бөлінеді. Жоғары белсенді сынамалармен жұмыс жүргізуде зертханалар үй-жайлары "лас" және "таза" аймақтарға бөлінеді.

186. Лас аймақта:

- 1) радиохимиялық зерттеуге (лас аймақ);
- 2) сынамаларды дайындауға, сақтауға және күлдеуге арналған үй-жай;

3) ыдыстарды, контейнерлерді, жабдықтарды, киім-кешекті және арнайы киімдерді дезактивациялауға арналған үй-жайлар орналасады.

187. Таза аймақта:

1) радиохимиялық зерттеулер (таза аймақ);

2) сынамаларды дайындауға, сақтауға және күлдеуге арналған үй-жайлар орналасады.

188. Жылдыту, газбен жабдықтау, сығылған ауамен, су құбырымен жабдықтаудың жалпы жүйелерін басқару және топтық электр қалқандары жұмыс үй-жайларынан шығарылады.

189. Ауаның радиоактивті ластану мүмкіндігіне байланысты (ұнтақтармен жұмыстар, ерітінділерді булау, эманациялаушы және ұшпа заттармен жұмыс) жұмыстар аяа шығару шкафтарында және жеке жұмыс үстелдерінде жүргізіледі.

190. Радионуклиидтердің жұмыс үй-жайларына және қоршаған ортаға органикалық түсүі статикалық (жабдықтар, үй-жайдың қабырғалары және жабындары) және динамикалық (желдету және газ тазарту) кедергілерін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

191. Жабдықтар, аспаптар және жиһаздар әр аймақтың үй-жайларына бекітіліп қойылады және таңбаланады. Оларды бір аймақтың үй-жайынан екіншісіне беруге радиациялық бақылаудан кейін таңбасын ауыстыра отырып жол беріледі.

192. Құрамында калибрлі жабық сәуле көздері кіретін аспаптарға, иондалған сәуле көздерін өндіретін құрылғыларға бөгде адамдардың қол жетімдігіне жол берілмейді. Зертханаларда иондаушы сәуле көздерінің сақталуы қамтамасыз етіледі.

193. Көздерді, радиоактивті заттарды, шыны ампулаларға балқытып жабылған радий тұздарының сұйық ерітінділерін, альфа және бета эталондарды зертханаға бұйрық бойынша жауапты адам қабылдайды және есепке алады, сейфте сақтайды.

194. Радиологиялық зертханада мынадай қауіпсіздік қағидалары сақталуы тиіс:

1) барлық үй-жайларда күн сайын ылғалды жинау жүргізіледі.

2) радиоактивті препараттармен және ластанған сынамалармен жұмыс істеу кезінде манипуляторлар қолданылады, оларға қолмен жанасуға жол берілмейді;

3) радиоактивті заттармен, ластанған сынамалармен әрекеттер жеңіл дезактивацияланатын беттерде жүргізіледі;

4) радиоактивті ластанған сынамалармен жүргізілетін барлық жұмыстар қолғаппен, баҳилада және арнайы киіммен орындалады;

5) радиоактивті заттармен жұмыс істеу кезінде пластикалық немесе полиэтиленді үлдірлермен, сұзгіш қағаздармен және бір рет қолданылатын материалдармен жабылған, нашар сорғытатын материалдан жасалған астаушалар және тұғырықтар пайдаланылады;

6) радиоактивті заттарды, ластанған сынамаларды ауыстырып құю, булау, ауыстырып салу, сондай-ақ радиоактивті заттардың ауага түсуі мүмкін басқа операциялар аяа шығару шкафтарында жүргізіледі. Шкафтағы желдету жұмыс басталғанға дейін қосылады, жұмыс ойықтарындағы ауаның жылдамдығы кемінде 1,0 м/сек болады;

7) радиоактивті заттармен жұмыс аяқталғаннан кейін қызметкерлер қолдарын жылы сумен сабындалап мұқият жуады, содан кейін қолдарының тазалығына дозиметрлік тексеру жүргізіледі. Зертханадан шығатын кезде шешілген қолғаптар, баҳилалар, арнайы киімдер арнайы кір жуатын орынға жіберіледі.

195. Радиоактивті ластанған сынамаларды зерттегеннен кейін барлық сүйиқ немесе қатты қалдықтар арнайы ыдыстарға жиналады. Қолданылған зертханалық ыдыс ағынды судың астында мұқият жуылады және дезактивациялық ертіндімен (5% лимон қышқылының ертіндісімен, 10% тұз немесе азот қышқылының, этильді спирттің ертіндісімен) өнделеді, содан кейін қайтадан ағынды сумен жуылады. Мұқият тазартудан және жуудан кейін ыдыстар кептіргіш шкафттарда кептіріледі. Үйдістарды дезактивациялау радиациялық бақылау арқылы жүргізіледі.

196. Радиоактивті заттар, сақтау барысында радиоактивті газдар, булар немесе аэрозолдар бөлуі мүмкін құрамында көп мөлшерде радиоактивті заттар бар сынамалар аяа шығаратын шкафттарда, бокстарда, камераларда өртенбейтін материалдан жасалған жабық ыдыстарда сақталады.

197. Радиоактивті сүйиқтық құйылған шыны сыйымдылықтар металл немесе пластмасса ыдыстарға орналастырылады.

198. Қалдықтарды жинау және тасымалдау үшін мыналар қолданылады:

1) қатты радиоактивтік қалдықтар үшін контейнерлер, пластикалық немесе қағаз қаптар;

2) сүйиқ радиоактивтік қалдықтар үшін контейнерлер және арнайы цистерналар.

Контейнерлердің сыртқы бетіне радиациялық қауіпсіздік белгісі қойылады және радиоактивті қалдықтың түрін, олардың радионуклидтік құрамын және белсенділігін көрсететін бирка бекітіледі.

199. Контейнерлерді, аспаптарды, ыдыстарды, жабдықтарды дезактивациялау үшін арнайы үй-жай бөлінеді. Дезактивация радиациялық бақылау арқылы жүргізіледі.

200. Радиоактивтік қалдықтарды уақытша сақтау және ұстасу үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап беретін арнайы үй-жайлар бөлінеді және жабдықталады.

201. Лас және таза аймақтарда жұмыс орнына нәтижелері журналда тіркелетін дозиметрлік бақылау және персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізіледі. Лас аймақта сынамалармен жұмыс кезінде үш негізгі қорғау қағидалары сақталуы тиіс: "уақытпен", "қашықтықпен", "экрандаумен" қорғау.

Радиоактивтік заттармен жұмысты жалғастыруға кедергі болатын денсаулық жағдайында ауытқу анықталған кезде осы адамдар иондалған сәуле көздерімен жанаспайтын жұмыстарға уақытша немесе турақты ауыстырылады.

202. Зертханада дезактивациялайтын заттардың авариялық қоры болады.

**12-тaraу. Биологиялық материалмен жұмыс уақытында
аварияларды жою кезіндегі іс-эрекеттерге қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

203. Патогендігі I-II топтардың қоздырғыштарымен жұмыс жүргізетін әрбір үйімда, қызметкерлерде ауруға күдікті симптомдар анықталған және аварияға жол берілген жағдайда қызметкерлерге арналған оқшаулағыш болуы тиіс.

204. Оқшаулағышта өмірлік көрсеткіштері (кардиологиялық, шокқа қарсы, антидоттар) бойынша көмек көрсету үшін негізгі және резервтегі ерекше дәрілік препараттардың және дезинфекциялық қуралдардың қоры көзделеді.

205. Биологиялық материалмен жұмыс уақытында авария болған жағдайда тез арада тоқтатылады және авариялық дабыл қосылады.

206. Жұқпалы материалдың шашырауы арқылы авария пайда болған жағдайда бөлмеде жүргізілетін барлық жұмыстар тоқтатылады. Қорғаныш киімдерін (орамал немесе шлемнен бастап) дезинфекциялық ерітіндіге батырады немесе бикске (бакқа) автоклавтау үшін орналастырады. Көзге, мұрынға қоздырғыш сезімтал болып келетін антибиотик ертінділерін тамызады. Терең микоздардың қоздырғыштарымен жұмыс кезінде авария

болған жағдайда көзге және мұрынға 1% бор қышқылын тамызады, ауыз бен тамақты 70° этил спиртімен шаяды.

207. Ботулиндік уыттармен авария кезінде көзді және ауызды сумен және 1 миллилитрде 10 халықаралық бірлікке дейін ерітілген уытқа қарсы сарысумен жуады. Ботулиндік уыттар терінің ашық участеклеріне түскен жағдайда оны көп мөлшердегі сумен сабындал жуады.

208. Егер авария белгісіз қоздырғышпен жұмыс кезінде болса, кең спектрлік әсері бар антибиотиктермен профилактикалық емдеу жүргізіледі.

209. Егер авария биологиялық материалдың шашырауынсыз өтсе, биологиялық материалмен жанасқан жабдықтың бетіне дезинфекциялық ерітіндімен тампон (салфетка) қойылады.

210. Егер авария бокста (немесе БҚБ-да) өтсе – жұмысты тоқтатады, материал түскен жерге дезинфекциялық ерітіндіге молынан батырылған салфетканы жабады. Бокстың ішінде 30 минутқа бактерицидті шамдарды қосады, авариялық дабылды қосады, содан кейін дезинфекциялау жүргізеді. Ауа шығаратын желдеткіш авария және дезинфекциялау кезінде қосылып тұрады.

211. Егер авария жарақат алумен немесе тері жабыны тұтастығының басқа да бұзылуына байланысты болса:

1) АИТВ-мен жұмыс кезінде жараны және сілемейді өндегеннен кейін зардал шегушіге 72 сағаттан кешіктірмей, профилактикалық антиретровирустық терапия (АРВТ) тағайындалады және жазатайым оқиғадан кейін 12 ай бойы бақыланады. Зардал шегушіге ол инфекция көзі болуы мүмкіндігі ескертілуге тиіс. Авариялық жағдайдан кейін 6 айдан соң, 12 аптадан, 6 айдан және 1 жылдан кейін АИТВ-ға теріс нәтижелер жағдайында бақылау тоқтатылады;

2) жұмысты тоқтатады, қолдарын дезинфекциялық ерітіндімен өндейді, қолғапты шешеді және жарадан дезинфекциялық ерітіндіге қанын қысып ағызады, жарақат орнына 4-5 минутқа дезинфекциялық ерітіндіден немесе 70° этил спиртінен компресс қояды;

3) күйдіргі қоздырғышымен жұмыс кезінде жарақат орнын сумен сабындал мұқият жуады және дезинфекциялық ерітіндіні қолданбастан йод жағады;

4) терең микоз қоздырғыштарымен авария кезінде жарақат орнын тиісті дезинфекциялық ерітіндімен өндейді, сумен сабындал жуады, йод жағады;

5) патогендігі I-II топты вирустармен жұмыс кезінде қанды құрғақ стерилді салфеткаға қысып ағызады және дезинфекциялық ерітіндіні қолданбастан йод жағады.

212. Егер авария материалды (автоклавқа және бөлімшелер арасында) тасымалдау кезінде болса, персонал тасымалдаудағы сыйымдылықтарды сол жерге қалдырып, қауіпті аймақтан кетеді және болған оқиға жайлы бөлімше бастығына хабарлайды. Аварияның болуына себепші болған адамдар санитариялық өндеуден өтеді. Авария кезінде үй-жайды өндеу обага қарсы 1 типті костюмде жүргізіледі.

213. Патогендігі I-IV топты микроорганизмдерді зертханалық жүктырудың барлық жағдайлары туралы ақпарат ұйым басшысына дереу беріледі.

13-тaraу. Материалдарды (микроорганизмдерді) сақтауға және тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

214. Барлық микробиологиялық зертханаларда оларды тасымалдау кезінде жеке және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ оларды рұқсатсыз беруді және есепсіз сақтауды болдырмайтын микроорганизмдерді сақтауға, беруге қойылатын бірыңғай талаптар орындалады.

215. Су құбырларына, тағам объектілеріне, медициналық мақсаттағы өнімдерді өндіретін ұйымдарға қызмет көрсететін өндірістік зертханаларда патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерінің мұражайлық өсірінділерінің болуына және оларды зерделеуге байланысты зерттеулер жүргізуге жол берілмейді.

216. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерімен жұмысқа режімдік комиссияның рұқсатын алған микробиологиялық зертханаларда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның режімдік комиссиясы берген рұқсат болғанда мұражайлық өсірінділер коллекциясының болуына жол беріледі.

217. I-IV топтардың микроорганизмдерімен жұмысқа істеуге рұқсаты жоқ зертханаларда диагностикалық және өзге де зерттеулер кезінде бөлінген микроорганизмдер режімдік комиссияның тиісті рұқсаты бар зертханаға беріледі.

218. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерімен жұмысқа режімдік комиссияның рұқсаты бар ұйымдарда, зертханаларда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның режімдік комиссиясы берген рұқсат болғанда мұражайлық өсірінділер коллекциясының болады.

219. Патогендігі I-IV топтардың бөлінген микроорганизмдері үйым, зертхана басшысының рұқсатымен жойылады.

220. Коллекциялық штаммға берілген белгі (нөмір, код) оны берген кезде өзгермеуі тиіс. Штамм өлген (жойылған) жағдайда оның белгілерін жаңадан келіп түскен штаммдарға беруге жол берілмейді.

221. Патогендігі I-II топтардың микроорганизмдерінің штаммдарын жою Санитариялық қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес актімен ресімделеді.

222. Ішінде микроорганизмдер бар сыйымдылықтарда микрорганизмнің атауы, штаммың нөмірі мен қайта себілген (лиофилизацияланған) күні белгіленген айқын, шайылып кетпейтін жазуы немесе берік желімделген затбелгісі болуы тиіс. Уыттары бар сыйымдылықтарда затбелгінің төменгі оң жақ бұрышында қызыл түсті қосымша таңбасы болады.

223. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдері коллекцияда лиофилизацияланған немесе тоқазытылған жағдайда, тығыз немесе сұйық қоректік орталарда, сондай-ақ ағзалардың жүзгіні және консерванттағы тіндер түрінде сақталады

224. Патогендігі I-IV топтардың құрғақ патогенді микроорганизмдері бар ампулаларды себу немесе жою үшін ашу Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес актімен ресімделеді.

225. Микроорганизмдердің штаммдары тоқазытқышта немесе жанбайтын шкафта (сейфте) топтары бойынша бөлек сақталуы тиіс. Әртүрлі топтағы микроорганизмдерді жабылатын қақпағы бар сыйбайтын ыдыстарда сақтаған жағдайда бірге ұстауға жол беріледі. Сыйымдылықтарға сүргі салады, олардың сыртқы немесе ішкі жағында сақталатын микроорганизмдердің тізбесі мен саны бар тізім орналастырылады.

226. Патогендігі I-II топтардың патогенді биологиялық агенттерін және патогендігі III-IV топтардың коллекциялық микроорганизмдерін зертхана (үйым) ішінде беру үйым басшысының жазбаша рұқсаты бойынша Санитариялық қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

227. Патогендігі I-II топтардың миркоорганизмдерін уақытша сақтауға беруді Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес актімен ресімдеу қажет.

228. Патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерін үйымның шегінен тыс беру үйым басшысының қолы қойылған, мөрі басылған тек ресми өтінім бойыншаға жүргізіледі. Талап етілетін агенттерді белгілеген кезде қабылданған патогендігі I-IV топтардың микроорганизмдерінің сиыншылтамасы пайдаланылады. Микроорганизмдерді алу өтінімінде берілген

нөмірі мен күні көрсетілген микроорганизмдермен жұмысқа рұқсатының бар болуына сілтеме болуы тиіс. Беру тек микроорганизмді беретін ұйым басшысының жазбаша рұқсатымен және Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес акт жасау арқылы жүргізіледі. Патогендігі 1-4 топтардың микроорганизмдерін ел шекарасынан тыс шыгарып тасымалдау тек қана халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы органның жазбаша рұқсатынан кейін жүзеге асырылады.

229. Патогендігі III-IV топтардың микроорганизмдерін ұйымдар арасында тасымалдау почта байланысы немесе курьер арқылы жүзеге асырылады. Микроорганизмдерді курьермен алған кезде сенімхат және оның жеке басын күеландыратын құжаттар ұсыналады.

